

М.С. Ноғайбаева 

тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
e-mail: nmskaz1129@gmail.com. ORSID ID: 0000-0003-0325-5028

ОРЫС ХАН ЖӘНЕ АҚ ОРДАНЫҢ ЭТНОСАЯСИ ТАРИХЫ

Аңдатпа. Мақалада Орыс ханның өмірі мен қызметі Ақ Орда тарихымен, оның ішінде Ақ Орда мемлекетінің XIV-XV ғасырдағы саяси тарихымен тығыз байланыста қарастырылады. Ортағасырлық деректер мен зерттеулер негізінде Орыс хан тұлағасы арқылы Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы Алтын Ордаға тәуелсіз хандардың өз билігін нығайту жолындағы күресінің, Ақ Орда хандарының ыдырап бара жатқан Алтын Ордадағы қырқысқа араласуы, сондай-ақ Орта Азия билеушісі Әмір Темірдің шапқыншылықтарына қарсылығы көрсетілген. XIV ғасырдың екінші жартысынан кейін басталған Алтын Орда, соның ішіндегі Ақ Ордадағы саяси тұрақсыздық кезеңіндегі тайпа көсемдерінің ықпалының артуы, олардың саяси өмірге тигізген әсерлері талданады. Ортағасырлық деректер негізінде Орыс ханның өз билігін нығайту жолында ең алдымен жеке дара билікке ұмтыла бастаған кейбір Жошы ұрпақтары мен олар арқа сүйеген ру-тайпа көсемдерінің сепаратистік пиғылдарын тиғаны талданған.

Түйін сөздер: Орыс хан, Ақ Орда, ру-тайпалар, Шығыс Дешті Қыпшақ, Жошы ұрпақтары.

M.S. Nogaibayeva

Candidate of historical sciences, associate professor,
Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: nmskaz1129@gmail.com

Urus Khan and ethnopolitical history of White Horde

Abstract. The article considers the life and work of Urus Khan in close connection with the history of Ak Orda, including the political history of White Horde in the XIV-XV centuries. Based on medieval sources and research, through the personality of Urus Khan, the struggle of the Khans independent of the Golden Horde for strengthening their power in East Desht-i-Kypchak, the intervention of White Horde khans in the internal struggle of the decaying Golden Horde, as well as resistance against raids by the Central Asian ruler Emir Timur. The author analyzes the strengthening of the power of tribal leaders and their influence on the political life of White Horde during the period of political instability, which began in the second half of the XIV century in the Golden Horde. On the basis of medieval sources, the way of strengthening the power of Urus Khan was analyzed, and the suppression of attempts to seize power by the descendants of Jochi, and the separatist sentiments of the tribal leaders supporting them.

Key words: Urus Khan, White Horde, clans and tribes, East Desht-i-Kipchak, descendants of Jochi.

М.С. Ноғайбаева

кандидат исторических наук, ассоц. профессор,
Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: nmskaz1129@gmail.com

Урус хан и этнополитическая история Ак Орды

Аннотация. В статье рассматривается жизнь и деятельность Урус хана в тесной связи с историей Ак Орды, в том числе с политической историей Ак Орды в XIV-XV веках. На основе средневековых источников и исследований, через личность Урус хана, показана борьба независимых от Золотой Орды ханов за укрепление своей власти в Восточном Дешт-и-Кыпчаке, вмешательство ханов Ак Орды во внутреннюю борьбу распадающейся Золотой Орды, а также сопротивления против набегов среднеазиатского правителя Эмира Тимура. Анализируется усиление власти вождей племен и их влияние на политическую жизнь Ак Орды в период

политической нестабильности, которая началась во второй половине XIV века в Золотой Орде. На основе средневековых источников был проанализирован путь укрепления власти Урус хана и пресечение им попыток захвата власти потомками Джучи, и сепаратистских настроений, поддерживающих их вождей племен.

Ключевые слова: Урус хан, Ак Орда, роды и племена, Восточный Дешт-и-Кыпчак, потомки Джучи.

Кіріспе

Орыс хан қазақ хандары әулетінің негізін салушы және Ақ Орданың даңқты билеушісі ретінде белгілі. Орыс хан араб-мұсылман деректерінде Мухаммед атымен белгілі. Ортағасырлық деректерде «(7)76 (12.VI.1374–1.VI.1375)» жылдары бұл хандықты (Ақ Орда – авт.) Урус атты адам бастады. Айбек ханды тақтан тайдырған сол еді. Оның аты Мухаммед, ал Урусь лақап аты болар» деген мәліметтер сақталған (СМИЗО, 1884: 407).

Орыс ханның есімі әдебиеттерде түрлі жазылып келеді. Ұрыс хан немесе Орыс хан деген атпен белгілі болды. Зерттеуші Т. Султанов ханның лақап есімінің Орыс деген атпен белгілі болуын «Орус» этнонимикасының фонетикалық түрі деп түсіндіреді (Султанов, 2001: 139). Зерттеуші З. Қинаятұлы да оны Орыс хан деп жазады және бұл лақап атаудың шығуын ханның түр түсінің орысқа ұқсауымен, яғни сары шашты, сары түсті болуымен байланыстырады.

Орысханның туған жылы белгісіз. Осы мәселеге арнайы тоқталған З. Қинаятұлы «Әкесі Шымтай орда тағын билеп тұрған 1345-1361 жылдары оған «Сарай билігін қолға алу» жайлы ақыл-кеңес бере бастағанына қарағанда, ағасы Мүбәрәк қожаның тәуелсіз саясатын қолдаушы, жалғастырушы ретінде еліне танылғанын ескерсек, ол әкесінің көзі тірісінде Ақ Ордадағы саяси тұлға ретінде қалыптасқанын көре аламыз. Моңғолдардың ата дәстүрі бойынша қол бастау 25-30 жастан, ел бастау 40 жас шамасынан басталады. Моңғол жұртында «Дөч Хүрсэн эр, дөрөв дарсан ат» деген ұлағатты ұғым бар. Бұл «Қырыққа толған ер елдің жүгін, төрт тісті атан үйдің жүгін көтерер» деген мағына береді. Шыңғысхан 44 жасында дүйім моңғолдың, Жошы 44 жасында Жошы ұлысының хан тағына көтерілсе, бұл әулеттен шыққан төрт ұлы қағанның барлығы да қырықтан асқан шағында қаған тағына отырғаны белгілі. Қанша батыр болса да 25-30 жасқа толмаған ер қол бастамаған. Орыс ханның ұлдары (Тоқтақия, Құтылық Бұға) 1374-1375 жылдары Тоқтамысқа қарсы жорықта қол бастап шықты. Осыларға қарағанда Орыс хан 1361 жылы 40-45 жас ша-

масында таққа отырып, 50-55 жас шамасында (1377-1378) дүниеден өткен болуы мүмкін бе деп пайымдауға мүмкіндік бар. Олай болғанда 1323-1325 жылдар шамасында дүниеге келуі мүмкін» (Қинаятұлы, 2014: 242) деген пікір білдірген.

Орысханның өмірбаянындағы тағы бір маңызды мәселе – ханның шығу тегіне қатысты. Орыс ханның шығу тегін анықтау арқылы біз қазақ хандарының шежіресіне қатысты даулы мәселеге нүкте қоя аламыз. Зерттеуші Б.Б. Кәрібаев қазақ хандарының шығу тегі мәселесіне қатысты: «Бұл сұраққа дұрыс жауап тапқанымызда біз, XIII-XV ғғ. Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы мемлекеттілік, саяси, билеуші әулеттер тарихының мәселелерін, ең бастысы Қазақ хандығындағы билеуші әулеттің шығу тегі мен ол әулеттің XV ғасырдың ортасына дейінгі Қазақстан аумағындағы тарихынан хабардар боламыз. Сондай-ақ Қазақ хандығының негізін қалаушылар – Керей мен Жәнібек хандардың не себепті жаңа этникалық сипаттағы мемлекетті қалыптастыруға күш салып, күрескенін түсіне аламыз. Міне, сол себепті де, тарихшылар үшін Қазақ хандығының құрылуы тарихын зерттеуде хандықтың негізін қалап, оны билеген әулеттің шығу тегін анықтаудың маңызы ерекше» деп атап көрсеткен болатын (Кәрібаев, 2014: 364).

Орыс ханның шығу тегіне қатысты қалыптасқан: Тұқайтемірлік және Ордаежендік деген нұсқаларды жақтаушылар мен олардың аргументтері көптеген зерттеу еңбектерінде талқыландығанын ескере отырып оларға толық тоқталудан бас тартып отырмыз.

Б.Б. Кәрібаев қазақ хандарының, соның ішінде Ұрыс ханның шығу тегін Ордаежендік деген пікірді қолдай келе, Орыс ханның ата тегін Тұқай Темірден тарататын ортағасырлық жазба деректерді, соның ішінде шайбанилық XVI ғасырдың алғашқы жылдарында жазылған, авторы белгісіз, «Тауарих-и гузида-йи нусрат-наме» еңбегінің субъективтілігін анықтаған.

Зерттеуші «қазақ хандарының шығу тегін бұрмалап көрсету Мауереннахрдағы шибан әулетінен басталып, Хорезмдегі шибан әулетіне де кең таралады. Жалпы, Шибан әулеті

өкілдерінің Тұқай Темір ұрпақтарына қарап, «Біз сендерден артықпыз» деуі – олардың Мауереннахр мен Хорезмнен басқа Шығыс Дешті Қыпшақта да билік жүргізуге ұмтылғандығын, ал қазақ хандарының Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында билік етуге оларға қарағанда құқын төмен екендігін көрсетеді. Осылайша, «Тауарих-и гузида-йи нусрат-наме» еңбегіндегі шежірелік материалдарға сыни көзқараспен қарау – қазақ хандарының арғы атасын – Жошының кенже ұлы Тұқай Темірден таралады деген мәліметін қате, әдейі бұрмаланған деуге негіз береді. Соған байланысты осы қате, әдейі бұрмаланған мәліметке сүйеніп пікір айтқан зерттеушілердің де тұжырымдарын бұрыс деп есептейміз» деген қорытынды жасайды (Кәрібаев, 2014: 380).

Ақ Орда мемлекетінің аумағы, этникалық құрамы

Орыс ханның өмірі мен қызметі жалпы Ақ Орда тарихымен, оның ішінде Ақ Орда мемлекетінің XIV-XV ғасырдағы саяси тарихымен, Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы Алтын Ордаға тәуелсіз хандардың өз билігін нығайту жолындағы күресімен, кейініректе – Ақ Орда хандарының ыдырап бара жатқан Алтын Ордадағы қырқысқа араласуымен, содан соң Орта Азия билеушісі Әмір Темірдің агрессиясына тойтарыс берумен тікелей байланысты (Қазақстан тарихы, 2010: 103).

Тарихи-географиялық тұрғыдан алғанда Шығыс Дешті Қыпшақ деп аталған Қазақстанның далалық бөлігі Ақ Орда мемлекетінің аумағын құрады.

Нақ осы аумақта жергілікті этникалық негіздегі Ақ Орда, одан кейін Әбілхайыр хандығы сияқты мемлекеттер құрылып, өмір сүрді. Ақ Орда мемлекетінде Жошы ханның үлкен ұлы Орда Ежен ұрпақтары билік құрды. Олардың Сарай тағында отырған Алтын Орда хандарына бағыныштылығы сөз жүзінде ғана сақталған. Рашид ад-Дин бұл туралы Ақ Орда билеушілері өздерін Батый хан ұрпақтарының вассалдарымыз деп сөз жүзінде ғана санағандарымен, іс жүзінде «өз ұлысының тәуелсіз патшалары» болғандығын атап көрсеткен (Рашид ад-Дин, 1960: 66).

Рашид ад-Диннің жазуынша Орда Ежен әкесінің тірі кезінде және ол қайтыс болғаннан кейін де, Жошының мұрагері ретінде оның екінші ұлы Бату болғанына қарамастан, үлкен бедел мен құрметке ие болған. Тіпті Менгүқағанның жарлықтарында Орданың аты алдымен

қойылатын. Олар (Орда Ежен ұрпақтарының) өз патшалары мен билеушілері ретінде Бату мұрагерлерін санайтын дәстүрлеріне (СМИЗО, 1941: 41-42) қарамастан іс жүзінде өз ұлыстарының тәуелсіз билеушілері болып табылған. Бұл жағдайды археологиялық ескерткіштер де дәлелдей түседі. Арада біраз уақыт өткенде Ақ Орда билеушілері Сығанақ қаласында өз аттарынан теңге де шығара бастаған (Савельев, 1857: 160-163).

Ақ Орда мемлекетінің пайда болуы Батый тұсында Жошы ұлысының оң және сол қанатқа бөлінуімен байланысты болды. Алтын Орда мемлекетінің оң қанаты Батуға, сол қанаты Орда Еженге берілген. Орда Ежен інілері Удур, Тука-Тимур, Шингкур, Сингкуммен мемлекеттің шығыс және оңтүстік-шығыс бөлігіндегі жерлерді иеленген (СМИЗО, 1941: 41-42). Сондай-ақ сол қанатқа Жошының бесінші ұлы Шибанның да ұлысы кірген (Федоров-Давыдов, 1974: 62).

XIV ғасырдың 50-60-шы жылдарынан бастап Ақ Орда аумағын, яғни Шығыс Дешті Қыпшақты мекендеген тайпалар көбінесе «өзбектер» деген атаумен белгілі бола бастайды. Тарихи зерттеулерде XIV-XV ғасырлардағы «өзбек» атауы этноним ретінде емес, негізінен Шығыс Дешті Қыпшақтың жергілікті түркі және түркіленген моңғол тайпаларының жалпы, саяси жиынтық атауы ретінде қолданылғаны мойындалған. Сондықтан XIV-XV ғасырдың алғашқы жартысындағы Дешті Қыпшақ халқының негізін қалаған ру-тайпалар «92 баулы өзбек тайпалары» ретінде белгілі. Бұл 92 санын құраған ру-тайпалардың нақты тізімі бірнеше ортағасырлық деректерде сақталып қалған. Міне, осы дерек мәліметтерін жан-жақты талдап, ғылыми айналымға енгізген зерттеуші Т.И. Султанов 92 өзбек тайпаларының нақты тізімін беріп, оларды бірнеше белгілеріне сәйкес талдайды (Султанов, 1982: 26-51). Бұл ру-тайпалардың 20-сы, яғни жалайыр, қоңырат, алшын, арғын, найман, қыпшақ, қаңлы, маңғыт, табын, тама, рамадан, үйсін, телеу, кердері, шеркес, керей, оймауыт, қырқ, керейіт қазақ халқының ру-тайпалық құрамында кездеседі.

XV ғасырдағы Шығыс Дешті Қыпшақтың саяси бірлестіктері – XV ғасырдың алғашқы жартысындағы көптеген ұсақ ұлыстар мен Ақ Орда, Әбілхайыр хандығы, Ноғай Ордасы, Қазақ хандығының Орта және Кіші жүзі іс жүзінде біртектес этникалық құрамнан тұрған. Олардың этникалық негізін әртүрлі пропорциядағы бір-бірінен мәдени-тұрмыстық, тілдік, шаруашылықтық тұрғыдан ешбір айырмашылықтары

жоқ, бірдей түркі және түркіленген тайпалар құраған (Пищулина, 1977: 232).

Ортағасырлық деректерде де осы аталған мемлекеттер мен құрылымдарда Жошы ұрпақтарының билік құрған бұтақтарына бағынған бір ру-тайпадан шыққан әмірлер мен бектердің есімдері жиі аталады. Әсіресе, деректерде де қыпшақ, найман, қоңырат, қарлұқ, үйсін, керей, маңғыт сияқты ірі тайпалардың атаулары жиі кездеседі (МИКХ, 1969: 96-98, 143-144, 146).

Орыс хан тұсында Ақ Орда Алтын ордан бөлініп, жеке мемлекетке айналды. Жалпы Алтын Орда тарихындағы 20 жылға созылған «дүрбелең жылдары» саяси дағдарыс Бердібек ханның өлімінен кейін басталып, күшейе түсті (Schamiloglu, 2017: 328). Алтын Ордадағы сеператистік қозғалыстар жалпы Жәнібек хан тұсында-ақ байқала бастағанын атап өтуге тиіспіз. Ортағасырлық парсы тарихшысы Муин-ад-дин Натанзи Ақ Орда ханы Сасы Бұқаның 30 жыл билік құрған кезеңінде Алтын Орда хандарына бағыну жолы мен құрылтайға қатысудан бірде-бір рет бас тартпағанын жазады (СМИЗО, 1941: 129). Сасы Бұқаның ұлы Ерзен де беделі Өзбек ханмен бірдей дәрежеге жеткеніне қарамастан, бағынушылық жолынан бас тартпаған (СМИЗО, 1941: 129). Ал, оның ұлы Мүбәрәк қожаның дербестікке ұмтылған әрекеттері сәтсіз аяқталғаны белгілі. Мүбәрәк қожа Сайын хан (Батый) ұрпақтарына бағынудан бас тартқанымен, оның бүлігі халық ішінен қолдау таба алмаған (СМИЗО, 1941: 129). Ал, Жәнібек, Бердібек, Келдібек хандар тұсында билік құрған Шымтай «дүрбелең жылдары» Алтын Орда тағын иеленуден бас тартқан (СМИЗО, 1941: 129).

Ақ Ордадағы Шымтай ханның 17 жыл билік құрған кезінде Алтын Орданың батыс иеліктерінде басталған шиеленістер Ақ Орданың Сарайдан бөлінуіне ықпал етті. «Ескендір анонимі» бойынша Ақ Орда билеушісі Шымтай өзінің билігінің соңғы жылдарында бұрынғы Орда Ежен ұлысын тәуелсіз түрде жеке өзі басқарды. Ал, Орыс хан тұсында Ақ Орда дербес елге айналды.

Орыс хан және Ақ Ордадағы ішкі алауыздықтар

Орыс әкесі Шымтай хан өлгесін 1361 жылы Ақ Орданың тағына отырды. Әкесінің көзі тірісінде-ақ орданың саяси өміріне араласа бастаған еді. Ақ Орда тарихында да орын алған саяси тұрақсыздық кезеңінде Ақ Орда әлсіреп, Сырдария бойындағы бас қалаларынан

айырылған болатын. Муин ад-Дин Натанзидың хабарлауы бойынша хижраның 751-765 (1351-1364 жж.) Алтын Ордада Орда Ежен әулетінен тараған 8 хан өлтірілді. Бүліншілік орда билігіне 1361 жылы Орыс ханның келуі арқасында бірер уақыт тыныштық тапты. Ол ең алдымен Ақ Ордадағы ішкі алауыздықтарды тиды.

Ақ Ордадағы бүліншілік жылдары шығыс Дешті Қыпшақ аумағында да жергілікті тайпа басшылары – әмірлердің биліктері нығая түскен еді. Мәселен, белгілі зерттеуші В.П. Юдин Өтеміс қажының «Шыңғыснаме» еңбегіндегі мәліметтерді талдай келе, Өзбек хан тұсындағы белгілі әмір қыйат Исатайдың ұлы Жыр Құтлы Шығыс Дешті Қыпшақта біраз уақыт билік құрғанын анықтайды. Автор Өтеміс қажының бұл турасындағы мәліметтерін келесі бір дерек Қадырғали Жалайыридың мәліметтерімен нақтылай түседі. Бұл дерек бойынша Жыр Құтлының біраз уақыт билікті иеленіп, кейін Орыс ханның қолынан қаза тапқаны туралы айтылады. Сондықтан В.П. Юдин XIV ғасырда бір уақыт Шығыс Дешті Қыпшақтағы билік тайпа билерінің қолында болған деген тұжырым жасайды (Утемиш-хаджи, 1992: 61). Біз кейінгі оқиғалардың бұдан әрі дамуын бақылай отырып, зерттеуші пікірінің нақтылығына көз жеткізе түсеміз.

Мәселен, Тоқтамыс хан өзіне қолдау көрсеткен Шығыс Дешті Қыпшақ ру-тайпалары шырын, барын, арғын, қыпшақтарға арқа сүйеп (Nogaybayeva, 2019), Шымтай ханнан кейін Ақ Ордадағы билікті иеленген Орыс ханға қарсы шығады. Мұның бір себебі Орыс хан билікті қолына алысымен өзіне бағынудан бас тартқан билеушілер мен әмірлерді жазаға ұшыратқаны белгілі. Солардың ішінде Маңғышлақ өлкесінің билеушісі Тайходжа оғлан да бар еді. Ал, оның ұлы Тоқтамыс әкесінің өлімінен кейін жеке басына төнген қауіптен қашып, Әмір Темірден пана тапқаны белгілі. Әмір Темірдің қолдауына сүйенген Тоқтамыс Орыс ханға қарсы күресінде Өтеміс қажының сөзімен айтсақ «Тоқтамыс-оғланның ата-бабасынан бері келе жатқан ежелгі елі – шырын, барын, арғын, қыпшақтарға» сүйенген (Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері, 2005: 192-193). Бұдан әрі дерек авторы аталған ру-тайпа басшылары Тоқтамысқа кісі салып, өздерін Орыс ханның қысымшылығынан құтқаруды сұрағандарын атап көрсетеді (Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері, 2005: 192-193). Бұл мәліметтер бізге осы кезеңде Шығыс Дешті Қыпшақтағы саяси билікке ықпалдарын

жүргізіп отырған ру-тайпа өкілдерінің ұстанған саясатын анықтауға көмектеседі. Бұл ру-тайпа басшылары саяси билікте өз іштерінде бір-біріне қарсы болды. Сондықтан олар белгілі бір Жошы ұрпақтарының билікке келуіне ықпал жасай отырып, өзара күресті. Сондықтан осы кезеңдегі билеушілердің күші мен беделі оларды қолдаған ру-тайпалардың күші мен беделіне тікелей тәуелді болды. Мәселен, Тоқтамысты қолдаған тайпалардың жайлауға дер кезінде көшпей артта қалып, келіскен сәт келгенде, ханнан бөліне көшкенде, оларды жазалау үшін Орыс хан өзіне қарасты тайпа басшыларына кісі жіберіп, жиналуды сұрайды. Бірақ олардың көпшілігі көші-қон аумақтарының алыстығын, ал жайлауда хан ордасына жақын орналасқандары осы кездегі аттардың семіздігінен жорыққа жарамсыздығын сылтауратып, бас тартады (Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері, 2005: 193-194). Бұл мысалдар бізге осы кезеңдегі Шығыс дешті Қыпшақ тайпаларының саяси өмірдегі беделдерінің зор болғандығын көрсетеді. Олар өздерінің артықшылықтарына сүйене отырып, Жошы ұрпақтарының саясатына ықпал жасаған.

Көріп отырғанымыздай Орыс хан өз билігін нығайту жолында ең алдымен жеке дара билікке ұмтыла бастаған кейбір Жошы ұрпақтары мен олар арқа сүйеген ру-тайпа көсемдерінің сепаратистік пиғылдарын тиды.

Әмір Темір-Тоқтамыс одағымен күрес

Мұсылман шежірелерінде Орыс хан батыл мінезді, қажыр-қайратты билеуші ретінде сипатталады. Ол Алтын Орда төңірегінде қалыптасқан келеңсіз жағдайды пайдаланып, әуелі Ақ Орданы күшейтіп, сонан соң Сыр, Еділ бойындағы қалаларды өзіне бағындыруды көздеді. Осы мақсатпен 1367 жылы дала көшпенділерінің игі жақсыларының басын қосып, ұлы құрылтай шақырып, Алтын Ордаға қарсы жорық мәселесін күн тәртібіне қойды. Ақ Орда ақсүйектерінің көпшілігі Орыс ханның стратегиясын қолдады.

Құрылтайға қатысушылардың қолдауына ие болған Орыс хан 1361-1368 жылдары әуелі Сыр бойындағы қалаларды, соның ішінде Ақ Орданың орталығы Сығанақты қол астына қайтаруға күш салды. Сығанақта Орыс ханның атына ақша соғылды. 1368 жылы Еділ жорығына аттанады. 1372 жылға дейін Солтүстік Арал маңын, Маңғыстау және Батыс Қазақстан жерін өзіне қаратты. 1374-1375 жж. Сарайшық, Қажы-Тархан (Астрахан), Сарай, әл-Махруса мен Сарай әл-Жадидті басып алып Алтын Ордаға өз

билігін орнатты. 1377-1378 жылдар Сарайда Орыс ханның атына бірнеше рет ақша соғылды.

Ақ Орданың даңқы асып тұрған осы жылдары Тайқожа ұлы Тоқтамыс Мауераннахрға қашып барып, Әмір Темірдің қолдауына ие болуымен Ақ Орда билеушісінің жаңа саяси қарсыласы пайда болды.

Әмір Темір Орталық Азияда өз билігін нығайту үшін Алтын Ордадағы саяси жағдайды бақылап отырды және солтүстік көршісінің күшеюін өзінің ұлы державалық мақсатына қауіп ретінде көрді. Оны әсіресе Орыс ханның күшеюі уайымдатты. Әмір Темір Тоқтамысты қолдауының себебі Ақ Орда мен Алтын Орда тағында өз ықпалынан шықпайтын қуыршақ билеуші арқылы өз билігін күшейтуге ұмытылды.

Ортағасырлық деректерде «Тоқтамыстың Самарқандға келгенін білген Темір өз істерін тастап, оның келуін жоғары бағалады. Темір оған құрмет пен сый-сияпат көрсетуде мүмкін болғанның бәрін жасауға күш салды, патшаға лайық тартулармен той өткізді. Оған (Тоқтамысқа) және оның серіктеріне ақылға сыймайтын және сансыз көп алтындарды және қымбат әшекей бұйымдарды, қару-жарақ және маталарды, аттарды және түйелерді, шатырлар мен қостарды, барабандар мен жалауларды, жасақтар мен әскерлерді, жалпы қаламмен жазып бітпейтін сый-сияпат берді. Оған деген құрметінің белгісінде оны өз ұлы деп атағаны» туралы айтылады (СМИЗО, 1941: 131).

Әмір Темір Тоқтамысқа қолдау көрсетіп қана қоймай, оған Орыс ханның иелігіне кіретін Отырар және Сауран аймақтарын бөліп беріп, алдын ала «сый» ретінде ұсынып қойды.

Сауранның билеушісі Орыс ханның ұлы Құтлық-Бұқа еді. Бірінші шайқаста Темір берген әскер басында тұрып жеңіліс табады. Бұл жағдай Темірдің Тоқтамысқа деген қатынасын бұзбады, тіпті тағы бірнеше айдан соң Мәуераннахр билеушісі берген әскерді басқарып Тоқтамыс Сығанақ шекараларына келеді. Бұл жолы ол Орыс ханның ұлы Тоқтақияның қарсылығына тап болады. Тоқтамыс тағы да жеңіліп қана қоймай, жараланып, Сырдариядан жүзіп өтіп құтылды.

Бұдан кейінгі оқиғалар туралы М.Г. Сафарғалиев былай деп жазады: «Орыс ханның өзі Тоқтамысқа қарсы әскер жинады. Орыс ханның қалың қолмен дайындалып жатқанын Тоқтамыс жағына өтіп кеткен, кезінде Орыс ханның сарайында бас әмір болған Балтықшының ұлы Едіге қарсы жаққа хабарлап үлгереді. Дерек-

терге сүйенсек, Орыс хан Темірге: «Тоқтамыс менің баламды өлтірді және сенің аймағыңа кетті. Менің жауымды маған ұстап бер, егер де көнбесең, онда соғысатын жерді айт» деген талап қояды. Алайда Әмір Темір Тоқтамыстың жақтасы және досы болып қала берді. «Ол менің мемлекетімнен өзіне баспана тапты, – деп жауап жазды Темір, – мен оны ұстап бермеймін, ал соғысты айтсаң мен оған дайынмын».

Темір мен Орыс хан арасындағы ашық соғыс 1377 жылы қыста басталды. Мемлекет билеушілері басқарған екі жақ әскерлері Сығанақ қабырғаларында кездесті, алайда кенеттен өзгерген ауа-райынан екі тарап соғыса алмай тарап кетеді» (Сафарғалиев, 1996: 400-401).

1377 жылы көктемде Темір тағы Орыс ханға қарсы жорыққа аттанды, алайда үлкен шайқас болмады, өйткені Орыс хан қайтыс болған еді. Орыс ханның қайтыс болуына байланысты да бірнеше пікір қалыптасқан. Ортағасырлық авторлар Муин ад-дин Натанзи, Гаффари және Хайдар Разидің хабарлауынша хан ақ өліммен қайтыс болған (СМИЗО, 1941: 131, 211, 214). Ал, Өтеміс қажының хабарлауынша Орыс хан Тоқтамыс ханға ілесіп Орыс ханнан бөлініп көшкен шырын, барын, арғын, қыпшақ және т.б. елдердің қашқан адамдарын қуған ұрыста қаза болған (Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері, 2005: 194-195). Аталған дерек мәліметтерін талдай келе зерттеуші З. Қинаятұлы: «егер 1376-1377 жылдары Ақ орда билеушілерімен Мауераннахрлықтар арасында болған Сауран, Сығанақ шайқасына Орыс хан тікелей қатыспағанын ескерсек, ал 1379 жылы Қараталда Темір-Мәлік хан және Тоқтамыс қолының арасында болған ақтық шайқас кезінде Орыс хан бұл пәниде болмағанына мән берер болсақ «Орыс хан соғыста өлді» делінетін пікір қолдауға тұрмайды. Басқадай көптеген авторлар Орыс хан «қаза тапты» демейді, «өлді», – деп жазады. Біз жоғарыдағы жайларды ескере келіп алаштың қаһарман ханы Орыс хан «Алланың ажалынан өтті», – делінетін дәйек орынды деп танимыз» деген пікір білдіреді (Қинаятұлы, 2014: 243-244).

З. Қинаятұлы Орыс ханның дүниеден өткен жері туралы басқа зерттеушілердің пікірлерді талдай келе көрсетілген жер атауларының Орыс хан ұлдарының Темір-Тоқтамыс қолымен жүргізген соғыстарының (1376-1377 жылдары) тарихи географиясымен сай келмейтіндігін атап өтіп, Қадырғали Жалайырдың Орыс хан: «Солтүстік жақта Қыштам деген жерде дүние салды» деген хабарын орынды санай-

ды (Қинаятұлы, 2014: 244). Одан әрі зерттеуші «Орыс хан қолы 1377 жылдың күзінде Сауранға жетіп, Темір-Тоқтамыс қолынан 7 фарсақ арақашықтыққа келіп орналасады. Әрқайсысы соғысуға бел буып дайын тұрған. Бірақ үш айға созылған нөсер, қарлы боран, сүйек қарыған аяз соғысуға мүмкіндік бермейді. Муин ад-дин Натанзидің: «Қатты суық болып Орыс хан аяқ астынан кері қайтты», – дегеніне қарағанда Орыс хан осында науқас алды ма деген» қорытынды жасайды (Қинаятұлы, 2014: 244).

Сығанақ шайқасында жеңіліске ұшырап шегінген Темір-Мәліктің ізіне түскен Темір-Тоқтамыс қолы 13 күн-түн жүріп Балқаштың Жирен қамысындағы Орыс хан қосынына жеткенде Орыс хан дүниеден өтіп, оның орнын ұлы Тоқтақия басқаны белгілі болады. Бұл уақыт мерзімі жағынан 1377 жылдың қысы немесе 1378 жылдың ерте көктеміне сай келеді.

З. Қинаятұлы М.Г. Сафарғалиевтің хижраның 779 (1377-1378) жылы Орыс ханның атына ақша соғылған деректерге қарап Орыс хан жоғарыдағы оқиғадан сәл кейінірек дүниеден өтті ме деген пікірлеріне де күмәнмен қарайды. Ол: «Орыс ханның атына соғылған ақшалардың датасына қарап оның қайтқан уақытын айқындау мүмкін емес. Өйткені әке орнын басқан Орыс ханның ұлдары кейін хан әкесіне арнап ақша соқтыруы әбден мүмкін» (Қинаятұлы, 2014: 244) деген пікір білдірген.

Орыс хан мен оның ұлы Тоқтақия кезінде Тоқтамыс Дешті Қыпшақтағы билікті иелене алмады. Тоқтақия екі ай билік құрып, мезгілсіз қайтыс болғаннан кейін, билікті Орыс ханның екінші ұлы Темір-Мәлік иеленеді. Осы кезде әмір Темірдің қолдауына сүйенген Тоқтамыс Шығыс Дешті Қыпшақтағы билікке қол жеткізеді (СМИЗО, 1941: 150-151). Бұдан әрі ол бүкіл Алтын Орда аумағын жаулап алғаны белгілі.

Қорытынды

Орыс хан тарих беттерінде Ақ Орда мемлекетінің тарихында жарқын із қалдырған билеуші ғана емес, жалпы қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуында ерекше орны бар тұлға ретінде қала бермек.

Барлық зерттеушілер мен шежірешілердің еңбектерінде қазақ хандарының арғы атасы ретінде аталады. Орыс хан ортағасырлық деректерде мұсылман билеушісіне тән жағымды қасиеттердің бәрін иеленген тұлға ретінде суреттелген. Ол өз мемлекетінің аумағында мешіт, медреселермен қатар басқа құрылыстар

салдырған, елде тәртіп орнатып, жаугершілік кезінде әскердің алдыңғы сапын бастаған батыл мінезді, күшті әрі құдіретті билеуші кейпінде ел есінде қалған.

Муи'зз ал-ансаб дерегі бойынша Орыс ханның кіндігінен жеті қыз, сегіз ұл болған. Сегіз ұлдың бірі Токтақиядан Қазақ хандығының

алғашқы ханы Керей хан мен оның ұрпақтары тарайды.

Келесі ұлы Құйыршықтан Ақ Орданың соңғы билеушісі Барақ хан тарайды. Барақ ханнан Керей ханның серігі алғашқы қазақ ханы Әз-Жәнібектен бастап кешегі Кенесары Қасымұлына дейінгі барша қазақ хандары өрбіген.

Әдебиеттер

- Кәрібаев Б.Б. (2014). Қазақ хандығының құрылу тарихы. Алматы. 520 б.
- Қазақстан тарихыкөне заманнан бүгінге дейін. (2010). Бес томдық. Алматы. Т.2.638 б.
- Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. (2005). Т.1.: Өтеміс қажы. Шыңғыс наме. Факсимиле, транскрипциясы, мәтіннамалық ескертулер, зерттеу мақалалар В.П. Юдиндікі. Алматы. 400 б.
- Қинаятұлы З. (2004). Қазақ мемлекеті және Жошы хан (тарихи-сараптамалық зерттеу). Астана: Елорда. 344 б.
- Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). сост.: С.К.Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, В.П. Юдин.(1969). Алма-Ата.652 с.
- Nogaybayeva M (2019).Ethno-genetic Relations of the Polish-Lithuanian Tatars with the Kazakh Tribes// Online Thematic Journal of Turkic Studies <https://actaturcica.org/>. Қаралды: 01.09.2019.
- Пищулина К.А.(1977). Юго-Восточный Казахстан в середине XIV – начале XVI веков. (Вопросы политической и социально-экономической истории.). Алма-Ата. 288 с.
- Рашид ад-Дин. (1960). Сборник летописей / Пер. с перс. Ю.П. Верховского, ред. И.П. Петрушевского. М.-Л.: Изд-во АН СССР. Т.2. 253 с.
- Савельев П.С. (1857). Монеты Джучидов, Джагатаидов, джелаиридов и другие, обращавшиеся в Золотой Орде в эпоху Тохтамыша. Вып. 1. СПб. 190 с.
- Сафарғалиев М.Г. (1996). Распад Золотой Орды. В кн.: На стыке континентов и цивилизации. (из опыта образования и распада империй X-XV вв.). Москва. 768 с.
- Султанов Т.И. (1982). Кочевые племена Приаралья в XV-XVII вв. Москва. 160 с.
- Султанов Т.И. (2001). Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. Алматы. 276 с.
- Тизенгаузен В. (1884). Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т.1. Извлечения из сочинений арабских. Санкт-Петербург. 563 с.
- Тизенгаузен В. (1941). Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды.Т.II. Извлечения из персидских сочинений. Москва-Ленинград. 308 с.
- Утемиш-хаджи. (1992). Чингиз-наме. Факсимиле, пер., транскрипция, текстологические примечания, исследование В.П.Юдина, комментарии и указатели М.Х. Абусейтовой. Алма-Ата: Гылым. 296 с
- Федоров-Давыдов Г.А.(1973). Общественный строй Золотой Орды. Москва. 180 с.
- Schamiloglu, U. (2017). The impact of the black death on the Golden Horde: Politics, economy, society, civilization . // Golden Horde Review.2017. № 5. p.325-343

References

- Karibayev B.B. (2014). Kazakh khandiginin kurulu tarihi [History of the Kazakh Khanate]. Almaty. 520 p.
- Kazakhstan tarihy kone zamannan buginge deyin [History of Kazakhstan from ancient times to present]. (2010). Bes tomdik. Almaty. T.2. 638 p.
- Kazakhstan tarihy turali turki derektemeleri [Turkic requisites about the history of Kazakhstan]. (2005). T.1.: Otemis khaji. Shingis name. Faksimile, transkripciyasi, matinnamalik eskertuler, zertteu maqalalar V.P. Yudindiky. Almaty. 400 p.
- Kynayatuly Z. (2004). Kazakh memleketi zhane Zhoshi khan [Kazakh state and Zhoshi khan (historical-expert research)]. Astana: Elorda. 344 p.
- Materialy po istorii Kazakhsikh khanstv XV-XVIII vekov (Iz vlecheniya iz persidskikh i tyurkskikh sochineniy) [Materials on the history of the Kazakh khanates of the XV-XVIII centuries (Extracts from Persian and Turkic writings)]. Sost.: S.K.Ibragimov, N.N. Mingulov, V.P. Yudin. (1969). Alma-Ata. 652 p.
- Nogaybayeva M (2019).Ethno-genetic Relations of the Polish-Lithuanian Tatars with the Kazakh Tribes// Online Thematic Journal of Turkic Studies <https://actaturcica.org/>Date: 01.09.2019.
- Pishchulina K.A.(1977). Yugo-Vostochnyy Kazakhstan v seredine XIV – nachale XVI vekov. (Voprosy politicheskoy i sotsial'no-ekonomicheskoy istorii) [Southeast Kazakhstan in the middle of theXIV – beginning of the XVIcenturies. (Issues of political and socio-economic history)]. Alma-Ata. 288 p.
- Rashid ad-Din. (1960). Sbornik letopisey [Collection of annals]. Per. s pers. Yu.P. Verkhovskogo. Red. I.P. Petrushevskogo. Moskva-Leningrad: Izd-vo AN SSSR. T.2. 253 p.

Savel'yev P.S. (1857). Monety Dzhuchidov, Dzhagataidov, dzhelairidov i drugiye, obrashchavshiyesya v Zolotoy Orde v epokhu Tokhtamysha [Coins of the Juchids, Jagataids, jelairids and others circulating in the Golden Horde in the era of Tokhtamysh.]. Vyp. 1. Sankt-Peterburg. 190 p.

Safargaliyev M.G. (1996). Raspad Zolotoy Ordy [The collapse of the Golden Horde.]. V kn.: Na styke kontinentov i tsivilizatsii.. (iz opyta obrazovaniya i raspada imperiy X-XV vv.). Moskva. 768 p.

Sultanov T.I. (1982). Kochevyye plemena Priaral'ya v XV-XVII vv. [Nomadic tribes of the Aral Sea region in the XV-XVII centuries]. Moskva. 160 p.

Sultanov T.I. (2001). Podnyatyte na beloy koshme. Potomki Chingiz-khana [Raised on a white nightmare. Descendants of Chingiz Khan]. Almaty. 276 p.

Tizengauzen V. (1884). Sbornik materialov, odnosyashchikhsya k istorii Zolotoy Ordy [A collection of materials related to the history of the Golden Horde]. T.I. Izvlecheniya iz sochineniy arabskikh. Sankt-Peterburg. 563 p.

Tizengauzen V. (1941). Sbornik materialov, odnosyashchikhsya k istorii Zolotoy Ordy [A collection of materials related to the history of the Golden Horde]. T.II. Izvlecheniya iz persidskikh sochineniy. Moskva-Leningrad. 308 p.

Utemish-khadzhi. (1992). Chingiz-name [Chingiz-name]. Faksimile, per., transkriptsiya, tekstologicheskiye primechaniya, issledovaniye V.P.Yudina, kommentarii i ukazateli M.X. Abuseitovoy. Alma-Ata: Gylm. 296 p.

Fedorov-Davydov G.A.(1973). Obshchestvennyy stroy Zolotoy Ordy [The social system of the Golden Horde]. Moskva. 180 p.

Schamiloglu, U. (2017). The impact of the black death on the Golden Horde: Politics, economy, society, civilization . // Golden Horde Review.2017.№ 5..P325-343